

**«Жезқазған музыкалық колледж» КМҚК қызметінің
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Мына құрамдағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия комплаенс-офицер А.Т.Оразбекова, кәсіподақ комитетінің төрағасы, колледж оқытушысы С.У.Канибетов, колледж қызметкері Қ.З.Жолаева 01.01.2023 жылдан 30.06.2023 жылға дейінгі кезеңде «Жезқазған музыкалық колледжі» КМҚК (әрі қарай Мекеме) қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Ішкі талдау Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттік төрағасының 19.10.2016 жылғы №12 бекітілген бұйрығына, сондай-ақ Мекеме директорының 10.01.2023 ж. №07-04/01 (Д) бұйрығы негізінде жүргізілді.

Мекеме өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Білім туралы» заң, "Мемлекеттік мүлік туралы" заңды және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілері мен Мекеме Жарғысын басшылыққа алады.

**I. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДЕГІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДЕГІ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ**

1. Мекеме мына құрамнан тұрады:

- ✓ Әкімшілік персонал;
- ✓ Көмекші персонал;
- ✓ Оқытушылар;
- ✓ Қосалқы оқытушылар;
- ✓ Білім алушылар;

2. Кәсіпорын қызметін талдау барысында нормативтік құқықтық актілер мен құқықтық актілер нормаларында сәйкессіздік анықталған жоқ.

**II. ҰЙЫМДАСТЫРУ-БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ
ТӘУЕКЕЛДЕРІ**

1. Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы

Мекеменің 2023 жылға арналған штат кестесі бойынша, талдау жүргізу кезінде ұйым қызметкерлерінің нақты саны – 85 (20 қосалқы), білім алушылар саны – 146.

Бос жұмыс орны бойынша «Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалары» ММ беріледі және одан әрі Мекеме директоры әңгімелесу өткізеді.

Талданып отырған кезеңде жұмыстан өз бастамасымен, жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан босатылған қызметкер жоқ.

«Командалық орын ауыстыру» дерегі анықталған жоқ.

01.01.2023 ж. мен 30.07.2023 ж. аралығында жұмысқа қызметкер қабылданған жоқ.

2. Мүдделер қақтығысы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында Мекеме қызметінде қайшылықты мүдделері анықталған жоқ.

3. Қызмет көрсету

Мекеме келесі қызмет түрлерін көрсетеді:

1. Білім алушыларға мемлекеттік үлгідегі диплом беру;
2. Еңбек демалысына шыққан педагог-қызметкерлерге сауықтыру үшін жәрдемақы;
3. Кәсіподақ мүшелеріне демалыс орындарына жеңілдетілген жолдама (өтінішіне қарай)

4. Жеке және заңды тұлғалардың Мекемеге түскен өтініштер

